

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108 – Хореография білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған

«Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)»

атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, педагогика ғылымдарының докторы, өнертану профессоры
Кульбекова Айгуль Кенесовнаның

П І К І Р І

С. Ә. Бәкірованың докторлық диссертациясы өз бетінше орындалды және тақырыптың өзектілігі бүгінде қарқынды дамып келе жатқан хореографиялық педагогикасына негізделген. Зерттеудің түпкі мақсаты, атап айтқанда оның гипотезасы көп деңгейлі хореографиялық білім беру моделін жүйелеу болып табылады. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде хореографиялық білім беру жүйесін сарапталып, әрі қарай дамытудың және жетілдірудің тенденциялары анықталған. Ғылыми-шығармашылық зерттеу жұмыстарын дамыту жолдары ұсынылып, хореографиялық білім беру жүйесінің ерекшеліктері талданған. Ізденуші оқу процесін ұйымдастыруда заманауи әдістерді қолдану, халықаралық қатынастарды дамыту білім беру процесін жетілдірудің жолдарын айқындап, сондай-ақ ұлттық би өнерін дамыту негізінде хореографиялық өнер саласында мамандарды даярлаудың моделін ұсынады.

Зерттеудің ғылыми аппараты зерттеу мәселесіне сәйкестігімен сипатталады. Теориялық мәселелерді және практикалық тәсілді шешуге негізделген және тұтастай алғанда жүргізілген зерттеудің барысы мен логикасын анықтайтын зерттеу міндеттері нақты құрылған.

Осылайша, диссертациялық жұмыста Қазақстанда кәсіби хореографиялық білім берудің қалыптасу кезеңдері қарастырылып, хореографиялық педагогиканың даму бағыттары айқындалды. Ізденуші Қазақстанда хореографиялық өнер мамандарын даярлау ерекшелігін негіздеп, Қазақ ұлттық хореография академиясының қызметінде ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысты ұйымдастырудағы инновациялар мен жаңа тәсілдерді айқындап, қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының қызметіне талдау жүргізген.

Зерттеудің нәтижелері хореографиялық білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыруда, формаларын дамытуда және жетілдіруде қолдануға ұсынылады. Хореографиялық білім беруде жүйе құраушы процестер болашақ мамандардың кәсіби дайындығының тұтастығын құрайды. Сондықтан да, аталған тұжырымдамадан біз зерттеу жұмысының практикалық және теориялық маңыздылығын көреміз.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп, Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108 – Хореография білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған

«Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың казахстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынамыз.

Педагогика ғылымдарының докторы,
өнертану профессоры



А.К. Кульбекова



ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК РГП НА ПХВ «Казахская национальная академия хореографии» КК МКС РК
А. Сұлтанованың қолын растаймын
HR секторының *басшысы А. Сұлтанованың*
«*17*» *маусым* 20*23* ж.г.